

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
201__ жылғы «__» ____
№ ____ бұйрығымен
бекітілген

**Прокуратура органдарында
сотқа дейінгі тергеп-тексеруді
ұйымдастыру жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыруды нақтылайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қылмыстық-процестік кодекске (бұдан әрі – ҚПК), сондай-ақ осы Нұсқаулыққа сәйкес және олармен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы прокурорлар қызметінің (бұдан әрі - Қызмет) арнайы прокурорлары және облыстардың және оларға теңестірілген прокуратураларының арнайы прокурорлар басқармалары (бұдан әрі – Басқарма) жүзеге асырады.

ҚПК 58-бабының 1-бөлігінде көрсетілген прокуратура органдарының басқа бөлімшелерінің прокурорлары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚПК-да және осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларда және тәртіпте жүзеге асырады.

4. Арнайы прокурор - сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, оның ішінде тергеу және тергеу-жедел топтарына жетекшілік ету арқылы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, ҚПК-да және осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларда және тәртіпте жүзеге асыруға уәкілетті прокурор.

5. Арнайы прокурорлар мыналар:

1) Қызмет бастығы, оның орынбасарлары, бақылау-әдістемелік басқармасының (бұдан әрі - БӘБ) бастығы;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының (бұдан әрі – Бас Прокурор), Қызметтің аға көмекшілері, көмекшілері;

3) басқарма бастықтары және олардың орынбасарлары, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурорлардың аға көмекшілері, көмекшілері, басқарманың аға прокурорлары, прокурорлары (криминалистер) болып табылады.

6. Істі өз өндірісіне қабылдаған прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру кезінде ҚПК-нің 60 және 195-баптарында көзделген тергеушінің барлық өкілеттіктеріне ие болады.

7. Қызмет бастығына, оның орынбасарларына және Қызметтің басқарма бастықтарына ҚПК-нің 59-бабында көзделген тергеу бөлімі бастығының өкілеттіктері жүктеледі.

8. Қылмыстық істі тергеп-тексеру кезеңінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы прокурорға басқа міндеттерді жүктеуге жол берілмейді.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру

9. Қызметтің, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың арнайы прокурорлары үшін мынадай қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер:

1) шектелмеген адамдар қатарының¹ және (немесе) мемлекеттің мүдделерін қозғайтын, Қылмыстық Кодекстің (бұдан әрі - ҚК) 3-бабының 4) тармағында көрсетілген кең қоғамдық резонанс не ауыр зардаптар туғызған;

2) жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соққан азаптаулар бойынша;

3) ҚК-нің 17-тарауында көзделген, күрделі болып табылған және қылмыстық процестегі азаматтардың конституциялық құқығын елеулі түрде бұзылуына әкеп соққан;

4) прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелері мен білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне қатысты істер басымды санаттар болып табылады.

Өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша тергеп-тексерудің объективтілігін, толықтығын және жеткіліктілігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ерекше жағдайларда, оның ішінде нақты істі тергеп-тексеру кезінде құқық қорғау және арнайы органдар мүдделерінің ведомствоаралық қақтығысы кезінде ҚПК-де көзделген тәртіппен, осы Нұсқаулыққа сәйкес одан әрі тергеп-тексеру арнайы прокурорға тапсырылуы мүмкін;

5) прокуратура органдарының тексеруі барысында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бюджеттен және Ұлттық қордан бөлінген қаражаттарды игеру кезінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, көлеңкелі экономика саласында анықталған.

10. Алып тасталды – Бас Прокурордың 31.12.2019ж. №171 бұйрығымен

¹ «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы №60 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерін, заңды күшіне енген сот актілерін, атқарушылық іс жүргізу, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдіру бойынша қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың 8-тармағы 3-тармақшасының 5-абзацы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 мамырда №16894 болып тіркелді.

Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша осы санаттағы тергеп-тексеруді Қызметтің, облыс прокуратураларының немесе оларға теңестірілген прокуратуралардың арнайы прокурорларына жүктелуі мүмкін.

11. Прокуратура органдарының басқа бөлімшелерінің прокурорлары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді мынадай жағдайларда:

1) ҚПК-нің 194-бабына сәйкес тергеу, тергеу-жедел тобының құрамына енгізілген кезде;

2) ҚПК-нің 184-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттілігі болған кезде;

3) тергеп-тексерудің объективтілігін және толықтығын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ерекше жағдайларда қылмыстық қудалау органының не қылмыстық процеске қатысушының жазбаша өтінішхаты бойынша (ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігінің 12) тармақтасына сәйкес) жүргізеді.

12. Облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігі 12-1) тармағының бірінші абзацына сәйкес істі іс жүргізуіне қабылдауы Қызметпен келісіледі.

Келісу дәлелді өтінішхат жолдау арқылы, қажет болған жағдайда іс материалдарының көшірмелерін қоса бере отырып жүргізіледі. Оларды зерделеу және талдау негізінде 3 тәулік ішінде Қызмет бастығының не оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған дәлелді себептері көрсетілген хатымен істі қабылдау келісіледі не келісуден бас тартылады.

13. ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігінің 12) тармағында және 12-1) тармағының бірінші абзацында көрсетілмеген өзге құқық бұзушылық туралы істер, ерекше жағдайларда ҚПК-нің 193-бабының 1-бөлігінің 12-1) тармағының 2 абзацында көзделген тәртіпте, Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша іс жүргізуге қабылданады.

Облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың негіздемелері болған кезде Қызметке қажет болған жағдайда іс материалдарының көшірмелерін қоса тіркей отырып, уәждеделген өтінішхат жолданады.

Қызмет ұсынылған материалдардың осы Нұсқаулықтың басымды өлшемдеріне сәйкестігін тексеріп, 3 тәулік ішінде Бас Прокурордың атына істі іс жүргізуге қабылдаудың дұрыстығы туралы қызметтік жазбаны ұсынады не істі іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады.

Қызмет бастығы Бас Прокурордың прокурордың істі іс жүргізуге қабылдау тапсырмасы туралы аумақтық бөлімшелерді жазбаша хабардар етеді (іске Бас Прокурордың тапсырмасын растайтын құжат ретінде қоса тіркеледі).

Көрсетілген мерзім ішінде Қызмет іс жүргізуге қабылдаудан бас тарту туралы аумақтық бөлімшелерге жазбаша хабардар етеді.

13-1) Қадағалаушы прокурор тексеру барысында 9-тармақтың 1), 5) тармақшаларында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтап, материалдарды арнайы прокурорлардың іс жүргізулеріне қабылдау мүмкіндіктерін арнайы прокурорлар бөлімшесімен келіседі.

Арнайы прокурор 3 тәулікке дейін материалдарды зерделеп, негізделген анықтама толтырып, облыс немесе оған теңестірілген прокурорға, Қызмет бастығына өзінің ұстанымын баяндайды.

Аталған қылмыстық істерді арнайы прокурордың іс жүргізуіне қабылдау осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес жүргізіледі.

14. Егер тергеп-тексеру нәтижесінде басқа қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған болса, арнайы прокурор оны Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) тіркейді, осы Нұсқаулықтың 9, 12, 13-тармақтары тәртібінде істі өз іс жүргізуіне қабылдауға бастамашылық етеді (оны қосуға немесе дербес тергеп-тексеруге жататынына қарамастан) не ҚПК-нің 186-бабында белгіленген мерзімдерде тергеулігі бойынша жібереді.

15. Тергеу және тергеу-жедел топтарын (бұдан әрі - ТТ, ТЖТ) құру ҚПК-нің 194-бабында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қызмет Бастығы, оның орынбасарлары және басқарма бастықтары ҚПК 194-бабының 1 және 2-бөліктеріне сәйкес облыс прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың прокурорлары қатарынан тергеу топтарын құра алады.

Арнайы прокурордың жетекшілігімен ТТ-ны (ТЖТ) ҚПК-нің 194-бабының 3-бөлігіне сәйкес Бас Прокурор, оның орынбасарлары, облыс және оларға теңестірілген прокурорлар құрайды.

ТТ-на (ЖТТ) тергеушілер және басқа да қудалау органдарының жедел қызметкерлерінің кандидатураларын енгізу олардың басшыларымен келісу бойынша жүргізіледі.

16. Істі қабылдаған соң арнайы прокурор 3 күн ішінде тергеп-тексеру жоспарын құрады, оны: Бас Прокуратурада – Қызмет бастығы және оның орынбасары, төменде тұрған прокуратураларда – облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, не оның орынбасары бекітеді.

Тергеп-тексеру жоспары нақты тергеу әрекеттерінің тізбесінен жедел шұғыл-ізвестіру шараларынан, олардың іс жүргізу мерзімінен және орындаушыларынан тұруы тиіс.

Бекітілгеннен кейін жоспардың көшірмесі дереу Қызметке жолданады.

17. Тергеу, тергеу-жедел тобы мүшесінің қызметтік немесе атқарушылық тәртібін бұзуы туралы топ жетекшісі дереу жазбаша түрде: Бас Прокуратурада – Қызмет бастығына, төменде тұрған прокуратураларда – облыс прокурорына немесе оған теңестірілген прокурорға баяндайды.

Тікелей басшылығына оны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсыныс жолдана отырып, жүйелі немесе өрескел бұзушылығы үшін қызметкер ТТ-ның (ТЖТ) құрамынан шығарылады.

18. Тергеп-тексеру мерзімін үзген кезде ТТ-ның (ТЖТ) мүшелері іс бойынша іс жүргізуді бастағанға дейін негізгі қызмет атқару орындарына қайтарылуы мүмкін.

Іс бойынша соңғы шешім қабылданғаннан кейін топ жетекшісі ТТ-ның (ТЖТ) мүшелерінің жұмыс орны бойынша қылмыстық қудалау органына іске қатысу уақытының аяқталуын көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлайды.

Өзін жақсы жағынан танытқан ТТ-ның (ТЖТ) мүшелеріне қатысты топ жетекшісі оларды марапаттау туралы өтінішхат жасайды.

19. Әрбір тергелетін іс бойынша арнайы прокурор қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау бойынша барлық шараларды қабылдайды және ҚПК-нің 200-бабының тәртібінде ұсыным енгізеді. Ұсынымдар құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша нақты нұсқаулардан, ол жасалған органның немесе ұйымның жұмысын ұйымдастыруын жақсарту бойынша ұсыныстардан, ал қажет болған жағдайда заңға өзгерістер енгізуден тұруы тиіс.

Бас әскери прокуратураны және көлік прокуратурасын қоспағанда, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарына енгізілетін ұсынымдар Бас Прокуратура арқылы жолданады.

20. Тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың қылмыстық іске қатысуынан бас тарту туралы мәселені ҚПК-нің 89-бабында көзделген негіздер болған жағдайда:

1) **Бас прокуратурада – Қызмет бастығы, оның орынбасарлары;**

2) облыс прокуратураларында және оларға теңестірілгендерде – басқарма бастығы, оның орынбасары шешеді.

21. Қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдемелер Бас прокуратурада, облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларда, сондай-ақ тиісті қылмыстық қудалау органдарында оларды сақтау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда сақталады.

Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі ҚПК, Қазақстан Республикасы Үкімет қаулылары мен Бас Прокурордың бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Арнайы прокурорлар істердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығына қадағалауды ҚПК-ға мен Бас Прокурордың бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

3. Ведомстволық бақылау

23. **Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастырудың ведомстволық бақылауын:**

Бас прокуратурада – Бас Прокурордың жетекшілік ететін орынбасары, Қызмет бастығы, оның орынбасарлары, БӘБ-тің бастығы;

Облыс прокуратурасында және оған теңестірілген прокуратурада – облыс прокуроры, оған теңестірілген прокурор және Басқарма бастығы жүзеге асырады.

24. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге ведомстволық қадағалау:

тергеп-тексеру жоспарларын бекіту;

нұсқаулар беру және оларды орындау бойынша бақылау;

Қызметтің, облыс және оларға теңестірілген прокуратура басқармаларының арнайы прокурорларының, сондай-ақ тергеу-жедел топтары мүшелерінің тергеп-тексеру нәтижелері туралы тыңдалуы;

Қызметке ай сайын тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

тергеу әрекеттерін жүргізудің және процестік шешім қабылдаудың, сондай-ақ электронды ақпараттық-есепке алу құжаттарын ұсынудың уақтылы болуын тексеру;

ҚПК-да және осы Нұсқаулықта көзделген басқа шаралалар арқылы жүзеге асырылады.

25. Облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор 3 күндік мерзімде процестік құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, Қызметке мынадай:

конституциялық құқықтың бұзылуы;

ҚПК-нің 302-бабы 1-бөлігінің 3-тармағы және ҚПК 323-бабы тәртібінде істерді қайтару;

ҚПК-нің 626-бабы 4-бөлігінің тәртібінде істерді қайтару;

ҚПК-нің 405-бабы 2-бөлігінің тәртібінде жеке қаулылар шығару;

ҚПК-нің 105, 106-баптарының тәртібінде шағымдарды қанағаттандыру; прокурорлар тергеп-тексеретін істер бойынша мерзімін ұзу және тоқтату туралы қаулылардың күшін жою фактілері туралы ақпараттандырылады.

26. Қызмет бастығы, оның орынбасарлары, БӘБ-тің, ІТД-нің бастығы, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, оның орынбасары, басқарма бастықтары және арнайы прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің дұрыс ұйымдастырылуы және оның іс жүргізуі, сондай-ақ осы Нұсқаулық талаптарының орындалуына дербес жауапты болады.

27. Алып тасталды – Бас Прокурордың 31.12.2019ж. №171 бұйрығымен

4. Талдау жұмысын ұйымдастыру

28. Қызметтегі бақылау-әдістемелік және ұйымдастыру-талдау жұмысы:

істерді тергеп-тексеру әдістемелерін әзірлеу;

сот-тергеу практикасын талдау;

істерді зерделеу және олар бойынша нұсқаулар әзірлеу, аймақтарға практикалық көмек көрсету;

осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларда, арнайы прокурорлардың аймақтарда істі іс жүргізуге қабылдауын келісу;

облыс және оларға теңестірілген прокуратуралардың аумақтық басқармаларында арнайы прокурорларды тағайындауды және босатуды келісу негізінде жүзеге асырылады.

29. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру мәселелері мынадай мәліметтерді:

қылмыстық істерді тергеп-тексеру (қылмыстық істер санын, қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлері мен санаттарын, тергеп-тексеру нәтижелерін), оның ішінде азаптау туралы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы жай-күйі;

өзге қылмыстық қудалау органдары бастаған қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуіне қабылдаудың негізділігін;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін үзудің, тоқтатудың негізділігін;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және күзетпен ұстаудың, ұйқамақта ұстаудың мерзімдерін сақтауды;

қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың өтелуін;

қылмыстық істерді тергеуге алынғандығы бойынша қылмыстық қудалау органдарына жолдау (не қайтару) негізділігін;

күдіктілерге қатысты бұлтартпау шараларын қолдану практикасын;

ҚПК-нің 105 және 106-баптары тәртібінде арнайы прокурорлардың шешімдеріне шағымдану практикасын, сондай-ақ ҚПК-нің 405-бабының тәртібінде соттардың жеке қаулыларды шығару практикасын;

ҚПК-нің 323-бабының тәртібінде прокурордың және соттың істерді қосымша тергеп-тексеруге қайтаруын;

ақтау негіздері бойынша соттың ақтау үкімдерін және істерді тоқтату қаулыларын шығаруын көрсете отырып, тоқсан сайын талдау жүргізіледі.

Облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың қолы қойылған талдау нәтижелері Қызмет бастығының атына тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 3-ші күніне жолданады.

Қызмет осы бағыт бойынша жұмыстың жағдайын тоқсан сайын есеп беру кезеңінің келесі айының 15-ші күніне дейін талдайды.

30. Алып тасталды – Бас Прокурордың 31.12.2019ж. №171 бұйрығымен

5. Арнайы прокурорлар қызметінің мәселелері бойынша прокуратура органдарының басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы

31. Негіздер болған жағдайда арнайы прокурор прокуратура органының басшысы арқылы қылмыстық процестің міндеттеріне қол жеткізу үшін құқық қорғау немесе арнаулы органның аумақтық бөлімшесі басшысына күштер мен құралдарды бөлу туралы өтініш жасайды. Прокуратуралардың аумақтық органдарының басшылары тергеп-тексеруді ұйымдастыруға, тергеу, жедел-тергеу топтарын қызметтік үй-жайлармен,

автокөлікпен, ұйымдастыру техникасымен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

32. Тергеу практикасының дағдыларын қалыптастыру мақсатында Қызмет және арнайы прокурорлардың аумақтық басқармалары ҚПК-да белгіленген шегінде және тәртібінде қылмыстық істерді тергеп-тексеруі үшін мерзімді негізде қадағалау функцияларын жүзеге асыратын прокуратура органдары қызметкерлерінің тағылымдамасын жүргізеді.

33. Арнайы прокурорлардың іс жүргізуіне қылмыстық істерді прокуратура органдарының басқа құрылымдық бөлімшелерінен қабылдауы осы Нұсқаулықтың 12, 13-тармақтарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ережелер

34. Қызмет, облыс және оларға теңестірілген прокуратураларының басқармалары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырудың заманауи әдістеріне бастамашылық жасау және оны енгізу, жұмыстың оң тәжірибесін тарату, арнайы және қадағалушы прокурорларды оқыту және біліктілігін арттыру бойынша тұрақты түрде жұмыстар жүргізеді.

Осы мақсаттарда Қызмет Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы және Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.